



# БАНК ЖАЙЛЫ



## ОТБАСЫ БАНК ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫСЫН

ұзақ мерзімді қаржыландыруды жетілдіру және тиімділігін арттыру және халықтың тұрғын үй жағдайын жақсартуға бағытталған тұрғын үй құрылыс жинақтары жүйесін дамыту мақсатында 2003 жылы құрылды.



## БАНК ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ ТҮРЛЕРІ:

тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасына салымдарды (депозиттерді) қабылдау, салымшылардың шоттарын ашу және жүргізу;

тұрғын үй жағдайларын жақсарту жөніндегі ісшараларды жүргізу үшін салымшыларға тұрғын үй, алдын ала тұрғын үй және аралық тұрғын үй қарыздарын беру;

салымдарды қабылдау, жинақтау, салымшыларының банктік шоттарын ашу және жүргізу, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге қаражат жинау және оларға тұрғын үй қарыздарын беру;

біржолғы зейнетақы төлемдерін аударуға арналған арнайы шоттарды ашу және жүргізу

Банк акцияларының мемлекеттік пакетіне билік ету құқығы бар Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі Банктің құрылтайшысы болып табылады. 2013 жылғы тамыздан бастап Банктің Жалғыз акционері – «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ (бұдан әрі – Холдинг). Банк акционерлік қоғам ұйымдастыру-құқықтық нысанында жасалды:

### ТОЛЫҚ АТАУЫ:

- мемлекеттік тілде: «Отбасы банк» тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» акционерлік қоғамы»;
- орыс тілінде: акционерное общество «Жилищный строительный сберегательный банк «Отбасы банк»»;
- ағылшын тілінде: joint stock company «Otbasy bank» house construction savings bank».

### ҚЫСҚАРТЫЛҒАН АТАУЫ:

- мемлекеттік тілде: «Отбасы банк» АҚ;
- орыс тілінде: АО «Отбасы банк»;
- ағылшын тілінде: JSC «Otbasy bank».

Банктің атқарушы органының орналасқан орны: Қазақстан Республикасы, А05А2Х0, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Абылай хан даңғылы, 91.



Банк Басқармасының төрайымы Ләззат Еркенқызы Ибрагимова болып табылады.

## РЕЙТИНГТЕР

# Moody's

Ұлттық валютадағы депозиттер бойынша ұзақ мерзімді рейтинг: Baa2

Ұлттық валютадағы депозиттер бойынша қысқа мерзімді рейтинг: Prime-2

Кредиттік қабілеттіліктің негізгі бағасы: Ba2

Рейтингтер бойынша болжам: тұрақты

# Fitch Ratings

Ұлттық валютадағы эмитент дефолтының ұзақ мерзімді рейтингі: BBB

Ұлттық валютадағы эмитент дефолтының қысқа мерзімді рейтингі: F2

Рейтингтер бойынша болжам: тұрақты

## ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫС ЖИНАҚ ЖҮЙЕСІНІҢ МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТЫ

Қазақстан үшін әлеуметтік саясаттың маңызды бағыттарының бірі – азаматтарды қолжетімді және сапалы тұрғын үймен қамтамасыз ету. Мемлекеттің экономикалық өсуі мен әлеуметтік бағдарлануы 2000 жылғы 7 желтоқсандағы «ҚР-дағы тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы туралы» ҚР Заңымен регламенттелген тұрғын үй құрылысы жинақ жүйесінің (ТҚЖ) қалыптасуына негіз болды.

Тұрғын үй жағдайларын жақсарту жөніндегі іс-шаралар салымшылардың ақшасын тұрғын үй құрылыс жинақтарына тартуға және оларға тұрғын үй қарыздарын беруге негізделген кезде ТҚЖ жүйесі қаржыландырудың тұйық жүйесі болып табылады. ТҚЖ жүйесінің қазақстандық моделінің негізі ретінде неміс моделі алынды, ол өз уақытында Шығыс Еуропа елдерінде де таратылды.

Қазақстанда ТҚЖ жүйесі 19 жылдан бері жұмыс істеп келеді және қазақстандықтар арасында үлкен сұранысқа ие болуда.

Тұрғын үй құрылыс жинақтары жүйесінің ерекшелігі тұрғын үй жағдайларын жақсарту үшін төмен пайыздық мөлшерлемелер бойынша тұрғын үй қарыздарын алу мақсатында Банктің жинақ шоттарында ақшаны алдын ала жинақтаудан тұрады.


Халықтың салымдары «Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы туралы» ҚР Заңына сәйкес меншік нысанына қарамастан мемлекет сыйлықақысымен (салым сомасының 20%-ы, көтермеленетін салымның ең жоғары сомасы 200 АЕК-ке дейін) көтермеленеді.

Сондай-ақ, салымшының мемлекеттік, өңірлік әрі жеке тұрғын үй құрылысы бағдарламалары аясында тұрғын үй сатып алуға мүмкіндігі бар.

### ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫС ЖИНАҚ ЖҮЙЕСІ



# БАНК ДАМУЫНЫҢ ХРОНОЛОГИЯСЫ





# НАРЫҚТАҒЫ ОРНЫ

## АЙМАҚТЫҚ ЖЕЛІ

Қазақстан бойынша **18** филиал

**19** қызмет көрсету орталығы

Қазақстан бойынша **3** қызмет көрсету нүктесі

## АГЕНТТІК ЖЕЛІ

**1184** консультант

**123** кеңес беру орталығы

**1** агент – заңды тұлға – «Қазпошта» АҚ





## КРЕДИТТЕУ МАҚСАТТАРЫ

Банк өз салымшыларына тұрғын үй жағдайларын жақсарту жөніндегі іс-шараларды жүргізуге тұрғын үй, аралық және алдын ала тұрғын үй заемдарын береді, атап айтқанда:

- 1 Тұрғын үй салу (жер учаскесін сатып алуды қоса алғанда), сатып алу, оның ішінде жақсарту мақсатында оны айырбастау.
- 2 Тұрғын үйді жөндеу және жаңғырту (құрылыс материалдарын сатып алуды, мердігерлік жұмыстарға ақы төлеуді қоса алғанда). Капитальный ремонт общего имущества объекта кондоминиума.
- 3 Тұрғын үй жағдайларын жақсарту жөніндегі іс-шараларға байланысты пайда болған міндеттемелерді өтеу.
- 4 Банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда ипотекалық тұрғын үй қарызын алу үшін бастапқы жарнаны енгізу.
- 5 Кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеу.

Банк еліміздің барлық өңірлеріндегі барлық қазақстандықтар үшін өз қызметтеріне тең қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін тұрақты түрде жұмыс істейді. Банк бөлімшелерді көлік және әлеуметтік инфрақұрылымды ескере отырып, олардың тұруы, оқуы, жұмысы тұрғысынан клиенттер үшін барынша ыңғайлы орналастыруға ұмтылады. Бүгінгі таңда Банк Қазақстанның барлық өңірлерінде бар.

Филиалдар мен агенттік желінің физикалық инфрақұрылымын дамытумен қатар, Қазақстанда және әлемде қаржы қызметтерін дамытудың ағымдағы

шындықтарын ескере отырып, Банк клиенттерге қызмет көрсетудің заманауи әдістерін, соның ішінде өз арналары мен сату және клиенттерге қызмет көрсету құралдарын дамытуда белсенді жұмыс істейді. Банк интернет-кеңістікте өзінің қатысуын белсенді түрде кеңейтеді, қарапайым және күнделікті операцияларды онлайн режимінде беру үшін интернет пен мобильді құрылғыларды дамыту бойынша жұмыс істейді.

Бүгінгі таңда Банктің дамыған инфрақұрылымы Қазақстан азаматтарын тұрғын үймен қамтамасыз ету процесін жеделдетуге көмектеседі.

## «Бәйтерек «ҰБХ» АҚ меншігінде Банктің

7 830 000

жай акциясы бар

## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰЙЫМДАРҒА МҮШЕЛІК

### Еуропалық құрылыс жинақ кассаларының федерациясы (ЕҚЖКФ)

ЕҚЖКФ – тұрғын үйді қаржыландыруды алға жылжытатын және қолдайтын кредиттік және басқа институттар қауымдастығы. Федерация 1962 жылғы 29 тамызда құрылған, Еуропалық деңгейдегі алғашқы кредиттік федерациялардың бірі. Еуропа саяси және экономикалық интеграцияға бет бұрған сайын Федерация үй иелену идеясын алға тартады, Еуропалық Одақта өз мүшелерінің мүддесін ұсынады, осы мақсат үшін Еуроодақ органдары қолданатын іс-шаралар және еуропалық бірлестіктердегі прогресс туралы және осы мақсатта қабылданған шаралар туралы хабардар болуын қадағалайды. Сонымен қатар Федерация өз мүшелері арасында тұрғын үйді қаржыландыру және тұрғын үй саясаты саласындағы өзара ақпаратты және тәжірибе алмасуды қолдай-

ды және белсендіреді. Бүгінгі таңда қауымдастыққа бүкіл Еуропа мен Азия бойынша 44 мүше кіреді. Отбасы банкінің ЕҚЖКФға толық құқылы мүшелігі қазақстандық тұрғын үй құрылыс жинақтары жүйесін одан әрі дамыту және құрылыс жинақ кассаларының әлемдік қоғамдастығына кірігу үдерісін ілгерілету үшін бірегей мүмкіндік береді.

### Тұрғын үйді қаржыландырудың халықаралық одағы (ТҚХО)

2014 жылғы қыркүйекте ТҚХО Отбасы банк ұйым мүшелерінің құрамына енгізу туралы шешім қабылдады. Бұл шешім 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енді. ТҚХО 1914 жылы құрылып, өз мүшелеріне бүкіл әлемдегі тұрғын үй құрылысын қаржыландыру саласындағы соңғы оқиғалардан хабардар болуға мүмкіндік беретін ұйым болып табылады.

## ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ МЕМОРАНДУМ

- Баушпаркассе Швэбиш Халль (ГФР)
- «Мемлекеттік ипотекалық компания» ААҚ (Қырғыз Республикасы)
- Халықаралық қаржы корпорациясы
- Ұлттық ESG-клубы



## ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕР

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ акциялардың мемлекеттік пакетіне 100% иелік ету және пайдалану құқығы бар Банктің Жалғыз акционер. 2013 жылдан бастап Банктің 7 830 000 жай акциясы «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ меншігінде.

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ миссиясы – Қазақстан Республикасының тұрақты дамуы және «Стратегия – 2050» мақсатына қол жеткізу.

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ның негізгі міндеттерінің бірі – «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ қызметінің «Халықты баспа-намен қамтамасыз ету» стратегиялық бағыты шеңберінде рұқсат етілетін экономиканың урбанизациясын қолдау. Холдингтің тұрғын үйге қол жетімділігін арттыру жөніндегі қызметін еншілес ұйым – Отбасы банк іске асырады.

# ОРТАЛЫҚ АППАРАТ ҚҰРЫЛЫМЫ

«Отбасы банкі» АҚ Директорлар кеңесінің 26.08.2022 жылғы шешіміне № қосымша (№10 хаттама)

Банктің ұйымдық құрылымы Банктің алдына қойылған стратегиялық мақсаттар мен міндеттерді тиімді шешуге ықпал етеді. Есепті жылы Банктің ұйымдық құрылымына өзгертулер енгізілмеді

## "ОТБАСЫ БАНК" АҚ ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ



**Банктің Орталық аппаратының құрылымы келесі блоктарға бөлінген:**

1

Бизнесі дамыту жөніндегі блок, оған Банк Басқармасы Төрайымының орынбасары Н.С. Ақшанов жетекшілік етеді. Бұл блокқа Банктің 4 бөлімшесі кіреді: сату және өңірлік даму департаменті, департамент директоры – Балтабаева Р.А.; қашықтан қызмет көрсету департаменті, департамент директоры – Шерниязов А.А.; маркетинг департаменті, департамент директорының міндетін атқарушы – Мұратов М.М.; және филиалдар.

Құрылымдық бөлімшелер	Штат саны	Нақты саны	Әйелдер	Ерлер
Сату және өңірлік даму департаменті	17	17	12	5
Қашықтан қызмет көрсету департаменті	39	37	26	11
Маркетинг департаменті	7	6	5	1
Филиалдар	876	841	524	317

2

Қаржы және есептілік жөніндегі блок, оған Банк Басқармасы Төрайымының орынбасары Айдарбеков А.К. жетекшілік етеді. Бұл блокқа Банктің 4 бөлімшесі кіреді: қазынашылық департаменті, департамент директоры – Антонова Е.В.; бухгалтерлік есеп департаменті, департамент директоры – Кілтбаева Ж.А.; жоспарлау және стратегиялық талдау департаменті, департамент директоры – Финогенова А.В.; жиынтық есептілік департаменті, департамент директорының м. а. – А.Т. Шәріпова;

Құрылымдық бөлімшелер	Штат саны	Нақты саны	Әйелдер	Ерлер
Қазынашылық департаменті	8	8	6	2
Бухгалтерлік есеп департаменті	26	26	25	1
Жоспарлау және стратегиялық талдау департаменті	17	17	15	2
Жиынтық есептілік департаменті	13	11	11	0

3

Тәуекелдер және ішкі бақылау жөніндегі блок, оған Банк Басқармасы Төрайымының орынбасары Қайырбеков И.У. жетекшілік етеді. Бұл блокқа Банктің 3 бөлімшесі кіреді: тәуекел-менеджмент департаменті, департамент директоры – Матаев К.М.; ішкі бақылау департаменті, департамент директоры – Досыбаева Г.З. және ахуалдық мониторинг департаменті, департамент директоры – Есқараева А.Е.;

Құрылымдық бөлімшелер	Штат саны	Нақты саны	Әйелдер	Ерлер
Тәуекел-менеджмент департаменті	43	43	28	15
Ішкі бақылау департаменті	11	11	9	2
Ахуалдық мониторинг департаменті	7	7	6	1

4

Ақпараттық технологиялар және цифрлық трансформация жөніндегі блок, оған Банк Басқармасы Төрайымының орынбасары Распекова Э.С. жетекшілік етеді. Бұл блокқа Банктің 3 бөлімшесі кіреді: ақпараттық технологиялар департаменті, департамент директоры – Мусабеков Р.М.; ақпараттық жүйелерді дамыту және қолдау департаменті, департамент директоры – Бозжанов Н.С.; цифрлық трансформация департаменті, департамент директоры – Герцен Е.А.;

Құрылымдық бөлімшелер	Штат саны	Нақты саны	Әйелдер	Ерлер
Ақпараттық технологиялар департаменті	46	40	15	25
Ақпараттық жүйелерді дамыту және қолдау департаменті	43	41	1	40
Цифрлық трансформация департаменті	41	40	11	29

5

Операциялық қызмет жөніндегі блок, оған Банк Басқармасы Төрайымының орынбасары Әзімбеков М.М. жетекшілік етеді. Бұл блокқа Банктің 4 бөлімшесі кіреді: заңды тұлғалар жөніндегі департаменті, департамент директоры – Даткаева Г.Т.; операциялық департаменті, департамент директоры – Мисирова Л.Д.; проблемалық қарыздармен жұмыс жөніндегі департамент, департамент директоры – Соловьев В.А.; бірінші тұрғын үймен қамтамасыз ету жөніндегі орталық, орталық директоры – Талтұсов Р.А.;

Құрылымдық бөлімшелер	Штат саны	Нақты саны	Әйелдер	Ерлер
Заңды тұлғалар жөніндегі департамент	9	8	7	2
Операциялық департаменті	85	85	63	22
Проблемалық қарыздармен жұмыс жөніндегі департаменті	7	7	0	7
Бірінші тұрғын үймен қамтамасыз ету жөніндегі орталық	17	17	9	8

6

Ақпараттық қауіпсіздік, құқықтық және әкімшілік мәселелер жөніндегі блок, оған Банк Басқармасы Төрайымының орынбасары Бейсембаев М.Б. жетекшілік етеді. Бұл блокқа Банктің 4 бөлімшесі кіреді: ақпараттық қауіпсіздік департаменті, департамент директоры – Сучков Д.Н.; әкімшілік департаменті, департамент директоры – Нуров М.А.; сатып алулар департаменті, департамент директоры – Исмағұлов Г.К.; заңгерлік департаменті, департамент директоры – Бақтияр А.;

Құрылымдық бөлімшелер	Штат саны	Нақты саны	Әйелдер	Ерлер
Ақпараттық қауіпсіздік департаменті	15	15	5	10
Әкімшілік департаменті	10	10	4	6
Сатып алулар департаменті	10	10	2	8
Заңгерлік департаменті	11	11	6	5

7

Басқарма Төрайымы Л.Е. Ибрагимоваға бекітілген блок. Бұл блокқа кеңесшілер Алимова К.Н., Иманкулов Р.Ю., Иманбаев Д.А., басқарушы директор Яхияев К.Я., басқарушы директор – IT-сәулетші Нурахметов М., баспасөз-қызметі, басшысы – Масгутова З.С.; қауіпсіздік департаменті, департамент директоры – Калимжанов А.К.; персоналмен жұмыс жасау департаменті, департамент директоры – Айтқұлов А.И.; банк өнімдері мен технологиялары департаменті, департамент директоры – Ендибаева Б.С.

Құрылымдық бөлімшелер	Штат саны	Нақты саны	Әйелдер	Ерлер
Кеңесші	3	3	1	2
Басқарушы директор	1	1	0	1
Басқарушы директор – IT-сәулетші	1	1	0	1
Баспасөз-қызметі	4	4	4	0
Қауіпсіздік департаменті	22	22	1	21
Персоналмен жұмыс жасау департаменті	17	17	14	3
Банк өнімдері мен технологиялары департаменті	31	31	23	8